

МЕКТЕП

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ

№02 (266) желтоқсан, 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰРНАЛ



Мыркашова Құндызай Құлانشықызы,
А.Байтұрсынов атындағы шығын жинақты
бастауып мектеп меңгерушісі,
Түркістан облысы, Отырар ауданы.



Худайбергенова Мамура Мамбетжановна,
«№59 ЖОББМ» КММ-нің
математика пәнінің мұғалімі,
Шымкент қаласы.



Наржанова Ботагоз Дүйсенбекқызы,
«№59 ЖОББМ» КММ-нің орыс тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Шымкент қаласы.



Калметова Гульмира Қойлыбаевна,
«Б.Нұрлыбеков атындағы ЖББМ» КММ-нің
орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы.

Инклюзивті білім беру: Мақсаты мен маңызы

Ибрагимова Ирисай Рихсибаевна,
«Жыландыған» ЖББМ КММ-нің
бастауыш сынып мұғалімі,
Түркістан облысы, Талей ауданы.

Инклюзивті білім беру — бұл барлық балалардың, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балалардың да, жалпы білім беру мекемелерінде бірге білім алуына мүмкіндік жасайтын жүйе. Бұл ұғым «инклюзия» сөзінен шыққан, яғни қоғамның барлық мүшелерін, соның ішінде әртүрлі даму ерекшеліктері мен қабілеттері бар балаларды біріктіру, тең құқықтық негізде білім беру мақсатында енгізілген. Инклюзивті білім беру — балалардың әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін, олардың құқықтарын қорғауға бағытталған маңызды педагогикалық тұжырымдама.

Инклюзивті білім берудің басты мақсаты — әртүрлі мүмкіндіктері бар балаларды әлеуметтік ортаға тарту, оларды жалпы білім беру жүйесіне интеграциялау. Бұл баланың өзіндік даму әлеуетін толық іске асыруға, қоғамның басқа мүшелерімен тең деңгейде білім алуына мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру жүйесі қоғамның дамуындағы маңызды құбылыс болып табылады. Ол әлеуметтік әділеттілік, адам құқықтарының сақталуы мен әрбір баланың дамуына бағытталған. Осы білім беру жүйесінің негізінде оқушылардың жеке қабілеттері мен ерекшеліктері ескеріледі, ал мұғалімдер әр баланың жеке қажеттіліктеріне сәйкес білім беру әдістерін қолданады.

Инклюзивті білім берудің болашағы зор, себебі бұл жүйе балаларды тек біліммен қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың жеке тұлға ретінде дамуына да үлкен әсер етеді. Инклюзивті білім беру жүйесі көптеген елдерде маңызды әлеуметтік реформаның бір бөлігіне айналды. Бұл процестің жалғасуы мен жетілдірілуі әрбір мемлекеттің білім беру саясаты мен әлеуметтік даму стратегиясындағы негізгі бағыттардың бірі болып табылады.

Инклюзивті білім беруде жаңа технологияларды қолдану үлкен роль атқарады. Қазіргі уақытта цифрлық құралдар мен арнайы бағдарламалар балалардың оқу процесіне тиімді ықпал етуі мүмкін. Мысалы, көру немесе есту қабілеті бұзылған балалар үшін арнайы бағдарламалар мен құрылғылар оқу мен коммуникацияны жеңілдетеді. Оқытудың әртүрлі әдістерін қолдану балалардың жеке

қажеттіліктеріне сәйкес білім алу мүмкіндігін арттырады.

Инклюзивті білім берудің табысты жүзеге асуы мұғалімдердің кәсіби дамуымен тығыз байланысты. Мұғалімдер арнайы дайындықтан өтіп, инклюзивті білім беру әдістері мен технологияларын меңгеруі тиіс. Сонымен қатар, инклюзивті білім беруге деген педагогтардың көзқарасын өзгерту, оларды осы жүйенің маңыздылығына сендіру маңызды. Қазіргі таңда көптеген педагогикалық университеттер мен колледждер инклюзивті білім беру курстарын енгізіп, мұғалімдерді осы салада біліммен қамтамасыз ету үшін арнайы бағдарламалар ұсынып келеді.

Инклюзивті білім берудің сәтті жүзеге асуы үшін қоғамның қолдауы өте маңызды. Әрбір оқушының тең құқыққа ие болуы үшін барлық адамдар, оның ішінде мектеп әкімшілігі, ата-аналар мен жергілікті қоғам мүшелері бірлесіп жұмыс істеуі керек. Балалардың арасындағы әлеуметтік теңдікті қалыптастыру, кемсітушілікке жол бермеу үшін әртүрлі ақпараттық науқандар мен тренингтер өткізу қажет. Бұл білім беру мен қоғамда қабылдау деңгейін арттырады.

Инклюзивті білім беру жүйесінің толық жүзеге асуы үшін мемлекеттік деңгейде саясаттың дұрыс бағытталуы өте маңызды. Әрбір баланың білім алу құқығын қорғау мақсатында арнайы заңдар мен нормалар қабылдануы керек. Мысалы, мемлекет арнайы қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін қаржылық ресурстар мен арнайы мамандарды бөлуі тиіс.

Инклюзивті білім беру — бұл тек балаларға білім беру ғана емес, олардың қоғамда толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік беретін маңызды жүйе. Ол барлық балалардың жеке ерекшеліктеріне құрметпен қарап, олардың қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Бұл жүйе әлеуметтік әділеттілік, теңдік және әр адамның өзіндік құндылығын түсіну қағидаттарына негізделген. Инклюзивті білім берудің болашағы жақсы, егер біз бәріміз осы процесс үшін бірге жұмыс істесек, балалардың әрқайсысының білім алуына, дамуына және өз әлеуетін іске асыруына мүмкіндік жасаймыз.

"МЕКТЕП" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

СЕРТИФИКАТ

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық
"Мектеп" журналына жұмысы жарияланғаны
үшін Түркістан облысы, Төлеби ауданы
«Жыланбұзған» ЖББМ КММ-нің
бастауыш сынып мұғалімі

Ибрагимова Ирисай Рихсибаевна
марапатталады

Қазақстанның педагогикалық
академиясының президенті

"МЕКТЕП" республикалық
ғылыми-әдістемелік, педагогикалық
журналының редакторы



Ж.ТӨЛТЕБАЙ

А.ЕРБОЛАТҚЫЗЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, 2025 ЖЫЛ

Тіркеу №3433



"МЕКТЕП" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ДИПЛОМ

I ДӘРЕЖЕЛІ

Республикалық ғылыми әдістемелік, педагогикалық
"Мектеп" журналында жұмысы жарық көріп, үздік тәжірибе
бөліскен педагог ретінде және білім саласына қосқан
үлесі үшін Түркістан облысы, Төлеби ауданы
«Жыланбұзған» ЖББМ КММ-нің
бастауыш сынып мұғалімі

Ибрагимова Ирисай Рихсибаевна
марапатталады

Қазақстанның педагогикалық
академиясының президенті

"МЕКТЕП" республикалық
ғылыми-әдістемелік, педагогикалық
журналының редакторы



Ж.ТӨЛТЕБАЙ

А.ЕРБОЛАТҚЫЗЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, 2025 ЖЫЛ

Тіркеу №3433





Қайратсыз ашу - тұл,
Тұрпаусыз ғашық - тұл,
Шәкіртсіз ғалым - тұл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-
ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ, ҮЗДІК ТӘРБИЕШІ
USTAZ -МЕКТЕП ТІРЕГІ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ, ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№131(133) 2024 жыл қаңтар



Егизекова Жазира Умирбековна

Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Зертас ауылы Қосан
Мамытов атындағы жалпы білім беретін мектеп
бастауыш сынып мұғалімі



Ибрагимова Ирисай Рахсизбаевна,

Түркістан облысы,

Төлеби ауданы,

“Жыланбұлап жалпы білім беретін мектеп” ККМ

бастауыш сынып мұғалімі

Функционалды сауаттылық – сапалы білім беру кепілі

Қазіргі кезеңдегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында білім берудегі өзекті мәселелердің бірі болып саналатын жеке тұлғаның функционалды сауаттылығын қалыптастыру – оқушының оқу-танымдық іс-әрекеттегі шығармашылық қызығушылығына тікелей байланысты. Функционалды сауаттылық – тұлғаның ізденімпаздық қабілет сапасын дамытудың негізгі ерегі болып табылады. Себебі өмірдегі құндылықтардың барлығы да жаңашылдық бағыттар арқылы ғана іс-әрекетке тұрақты шығармашылық қызығушылық нәтижесінде танылып, болашақта өміршен дамуына мүмкіндік алады. Сондықтан шығармашылық қызығушылықты жеке тұлғаның дамуына, оның рухани жетілуде мәні терең, мотивациялық, білімділік бағдар құндылығы ретінде танылуының маңызы зор. Жеке тұлға бойындағы ашылмаған, сыры мол мүмкіндіктерді дамытудың бастау көзі – шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру мәселесі өзінің тамырын адамзат дамуы тарихын тереңнен алады.

Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаевтың сөзімен аласақ: «Ойлау - жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басшытал іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, оқушының оқуға, білімге деген ынта – ықыласы, құштарлығы болуы керек» [1]. Оқу материалын оқушылардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да, оқушыларды үнемі ойланып оқуға бағыттау керек, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады. Логикалық тапсырмаларды құрастыра отырып олардың сыни көзқарастарын қалыптастыра алды. Сыни көзқарасы қалыптасқан оқушы функционалды сауатты оқушы деп айта аламыз. Берілген тапсырмаларды орындауда оқушылар өз беттерімен ізденеді, оқушының ой-өрісін кеңейтіп есте сақтауын дамытады, байқалыштығын қалыптастырады, эстетикалық қабілеті шыңдалады. Оқушының өзіндік пікір айтып оны қорқай бітуіне мүмкіндік жасалады. Сабақта алған білім дағдысы ойлау барысында қолдану мүмкіндігі оқушының зор ынтасын тудырады, білгенін тереңдетіп, жаңа іс – юмылға жетелейді. Белсенді емес оқушылар жолдастарынан кейін қалмау үшін алға ұмтылады.

Оқушылар білімді қажет болғаннан емес, өз еркімен оқуға ынталанып, өздігінен уақделуі тиіс. Бұл үшін білімді белсенді, қызықты және мазмұнды етіп өткізу мұғалімнің міндеті. Оқушылар өздерінің алған білімдері мен дағдыларын өмірде іс-тәжірибелерінде қолданып келгенде ғана олардың білімге деген құштарлығы артады. Мұғалім сыныптағы оқу үдерісінің барлығында оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруы маңызды. Айтапқы, бастауыш сынып оқушысының қажеттіліктері жоғары сынып оқушыларының қажеттіліктерінен ерекшеленетінін ескеруі тиіс.

Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру және кері байланыс берудегі мұғалімнің алғашқы әрекеті: қиындықтарды анықтау, мақсатты белгілеу, тапсырмалар дайындау шараларды жоспарлау. Оқушының білімге деген құштарлығының болмауы көп жағдайда мұғалім оқушының ішкі уәжін оята алмауынан болуы мүмкін, әрі қарай жалғаса беретін болса оқуға деген қызығушылығы жойылады [2]. Ол үшін білім алуға шынайы ынталай дыратын оқу ортасын қалыптастыру мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты болады. Оқушы оқытудың белгілі бір кезеңінде неге таптыратынын, қандай білімдері болатынын білуі қажет. Сондықтан әр сыныпта қалыптасуы қажет жалпы оқытудың қандай білім, білік дағдылары болуы қажет екенін оқушыларға түсіндіруіміз керек. Танымдық материалға тұрақты қызығушылығы бар оқушының мүмкіндіктерімен оқыту жылдамдығын, ырағын, күрделілігін білікті түрде үйлестіре білген жағдайда мұғалім оған әрекет етуге көмектеседі, оның өзін-өзі бағалау деңгейін ескереді, өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жекелей тәсіл- саралау тәсілім нақтылай түседі. Ол әр оқушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оқытуға қажетті жағдай жасауға бағытталған: жоғары нәре қызметінің ерекшеліктері, темпераменті, мінез, ойлау үрдісінің жүру жылдамдығы, білім және дағдылардың қалыптасу деңгейі, жұмысқа қабілеті, оқи алу білімі, ынтасы, эмоционалды-жүгерлік аймағының даму деңгейі және т.б.

Зерттеу дағдысын барлық пәндердің аясында қарастыруымыз керек. Осы бағыттағы ерекшелік – сабақты жоспарлау барысында тапсырмаларды саралау. Ол да педагогикалық әдіс-тәсілдің бірі, яғни тапсырманы оқушының деңгейіне қарай беру. Сол тәсіл саралау деп есептеледі. Білім беру мазмұнындағы жаңалық – осы саралау тәсілі. Орта білім мазмұнын жаңарту аясында пән бойынша педагогтар оқу мақсаттарына сай сабақ мақсаттарын саралау жұмысын ұйымдастыруға көп көңіл бөлуде. Ол оқушылардың оқудағы қажеттілігін қанағаттандыру және кері байланыс және оқу бағдарламасының оқу жоспарын рәсімдеуге маңызды рөл атқарады. Бірінші кезеңнің маңызы оқушылардың мықты тұстары мен олардың көздеріретін қиындықтарын анықтаудан тұрады. Бұл көп жағдайда оқушылардың ауызша жауаптарынан бақылау арқылы және жазбаша жұмыстарын оқып тексеру арқылы жүзеге асады. Сонымен қоса, бұл ақпарат әр оқушының үлгеріміне мықты тұстары мен олардың көздеріретін қиындықтарын анықтаудан тұрады. Бұл көп жағдайда оқушылардың ауызша жауаптарын бақылау арқылы және жазбаша жұмыстарын оқып тексеру арқылы жүзеге асады. Сонымен қоса, бұл ақпарат әр оқушының үлгеріміне көмектесетін педагогикалық қызметтерді жоспарлау үшін пайдаланылады. Бұл үдерісті нәтижелі етуге көмектесетін бірнеше элементтер бар [3]:

- Мұғалімдер оқушылар қателік жіберсе де қорықпау керектігін қолдайды.

- Әр оқушының өздігінен шешім қабылдау мәдениетін қолдайды;
- Мұғалімдер барлық оқушымен қарым-қатынас жасайды, бұл оқушылар жұмысының сапасын бағалау тәсілдерін қабыптастыруға көмектеседі;
- Мұғалімдер оқушылардың оқу мақсаттарына жетуіне мүмкіндік беру үшін сабақ мақсаттарын құру және кеңейту арқылы, мақсаттарды бақылау және оқытуды түзету арқылы оқу үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етеді;
- Мұғалімдер әртүрлі оқушылардың түрлі қажеттілігін қамтамасыз ету үшін оқушылардың түсінуін бағалау тәсілдері мен оқытудың әртүрлі әдістерін үйлестіре қолданады;
- Мұғалімдер оқушылардың жұмыстары туралы ауызша және жазбада пікір береді.

Бұл пікір айқын және нақты критерийлерге негізделген болып табылады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭБДҰ) негіздеген болатын.

Жалпы оқушылардың қажеттілігін қамтамасыз ету дегенді қалай түсінеміз? Барлық мұғалім балаларға білім беруде барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін қолпайы орта жасауға тырысу керек. Кейбір мұғалімдер түсінбей жатады. Әр мұғалім күнделікті сабақ жоспарын құруда оқу мақсатын басшылыққа алып, сабақ мақсатын да нақты саралай алуы керек. Мысалы, барлық оқушылар: оқушылардың көпшілігі; кейбір оқушылар. Оқушы осылай сараланады. Бірақ бала білмеуі керек кім қандай деңгейде екенін. Енді тапсырмалар дайындауымыз керек. Қалай? Барлық балаларға арналған тапсырмалар оңай тапсырмалар болуы керек. Яғни ол тапсырмаларды сыныптағы барлық оқушылар орындай алса дейміз. Одан соң оқушылардың көбісі не басым белгіне берілетін тапсырмалар енді сәл күрделірек болуы керек. Ал кейбір оқушылардың тапсырмасы одан да күрделі болуы керек. Кейбір балалар дегеніміз- сыныптағы дарынды, талантты балаларымыз. Ол оқушыларға шығармашылық тапсырмалар, жоба жасау тапсырмалары берілсе нұр үстіне нұр болар еді. Бұл жерде тапсырмаларды саралауда оқушылардың жас ерекшелігі мықты ескерілуі тиіс, яғни оқушылар жекелеген танымдық дамуын зерттей алса мұғалім. Танымдық даму дегеніміз- баланың оқуға деген қабілеттілігі, сондай-ақ зейін, сөз сөйлеу дағдылары, ойлауы, жадысы (материалдарды қай бала қалай еске сақтай алады), пайымдауы, шығармашылығы. Міне осы жайттарды ескере отырып, сыни ойлай алатын тапсырмалар дайындау керек. Тапсырмалар дайын болды. Енді оны оқушыларға қалай береміз? Осы кезде мұғалімге тиімді әдістер керек. Ол әдістерді таңдау мұғалім шеберлігіне байланысты.

Функционалдық сауаттылықты арттыруда саралаудың мәні мынада: бір сыныпта, бір бағдарламамен және бір оқушымен оқи отырып, оқушылар оқу материалын әр түрлі игереді. Бұл жерде анықтаушы ретінде міндетті дайындық деңгейін атауға болады. Оның жетістіктері материалды игеру бойынша қажетті шегін талаптарды оқушының орындағанының айғағы болып табылады. Осының негізінде материалды игерудің жоғары деңгейі қабыптасады. Өскелең және жасөспірім шақтарында балаларда танымдық қабілетінің белсенді үрдісі жүреді. Жасөспірімдер қисынды ойлай алады, өзіндік талдауды біледі, теориялық жағынан ой салтай алады. Олар адамгершілік, саяси және басқа да тақырыптарда өз ойларын еркін жетізе біледі. Сондықтан шығармашылық деңгейде жұмыс істейтін оқушылар үшін талдауға, салыстыруға қатысты, дәлелдеуді, мәндісін белгілеуді және бағалауды қажет ететін тапсырмалар беру керек [4]. Сонымен қатар, егер бала тек маңызды проблемаларға назар аударса, онда кейбір маңызды бар мәселелер назардан тыс қалуы мүмкін.

Материалды игеру деңгейін, оны оқу жылдамдығын және бақылау тәсілдерін таңдауға оқушыларға өрік бөре отырып, біз тек қарғанды, мақсатты еңбек арқылы, оқушылардың жану арқылы ғана еркін бола аламыз, сол сияқты, өз күштерін тексеруге мүмкіндік береді.

Сараланған тапсырмалармен жұмыс істегенде «өкпейтесті және оқушылардың жақын даму аймақтарын есепке алу маңызды. Ол үшін жұмыс нәтижелеріне үнемі бақылау жасап отыру маңызды.

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім мазмұны аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуді қамтамасыз ете білуіміз керек. Сол үшін де тиімді әдістерді оқушының қажеттілігі мен ерекшелігін ескере отырып шығармашылықпен жұмыс жасауды іске асыруымыз керек. Осы тұста ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттеледі. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек.

Я.А.Коменскийдің «Сен ешбір жаңа нәрсе меңгермеген және өзінің біліміне ештеңе қоспаған осынау күнді немесе сағатты бақытсыз сана» деген нақылы мен Филлердің «Бойыңда білім бар екен, одан басқалар да өз шырақтарын жапыл алардай жағдай туғыз» - деген қағидалары қазіргі уақытта да маңызды болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Н.Доменева «Оқыту үрдісінде төменгі сынып оқушыларына қолданатын саралау тәсілі». //Бастауыш мектеп, 2004 ж., №2.
2. «Математика» пәні бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2016 ж.
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. // -Егемен Қазақстан 2003, 26-желтоқсан, №332
4. Рахметова С. Бастауыш класта оқушылардың тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (пед. ғыл. док. дис.) –Алматы, 1994, 434 б.

ДИПЛОМ

Республикалық “Ұстаз - мектеп тірегі”
ғылыми-әдістемелік журналына үздік
сабақ жоспарымен мақаласын республика
көлемінде таратып тәжірибе алмасқаны үшін

Шырағашова Ирисай

МАРАПАТТАЛАДЫ

Ұстаз үні
редакциясы



Гүлден Х.

2024 жыл

№ _____



6+

Жас

Жүзден - жүйрік, мыңнан - тұлпар!

ҒАЛЫМ

№100 (2000) шығарылды, 10000 экз.

Дарынды балаларға арналған республикалық ғылыми-танымдық журнал



4-5
беттер

**ЖАЛАНТӨС ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ
БАСТАУЫШ МЕКТЕБІНДЕ ӨТКЕН
«КҮЗ ХАНШАЙЫМЫ» БАЙҚАУЫ**

ДЕНСАУЛЫҚ – БАЙЛЫҚ, АЛ СПОРТ – ОНЫҢ КІЛТІ



Надирова Милана Икромовна,
«Жыланбұтпаң» жалпы білім беретін мектеп»
КММ-нің 3 -А сынып оқушысы.
Жетекшісі: Ибрагимова Ирисай Рухсибаевна,
бастауыш сынып мұғалімі,
Түркістан облысы, Төлеби ауданы.

Спорт — денсаулықты сақтау үшін өте маңызды. Мен спортты жақсы көремін. Спортпен айналысқанда мен өзімді қуанышты әрі күшті сезінемін. Спорт денені шынықтырып, денсаулықты жақсартады. Әр адам спортпен айналысуы керек деп ойлаймын.

Мен мектепте әртүрлі спорт түрлерімен айналысамын. Мұнда футбол, баскетбол, волейбол, жеңіл атлетика сияқты спорт түрлері бар. Мен футбол ойнағанды жақсы көремін, себебі бұл ойын өте қызық әрі достарыммен бірге ойнағанда көңілді көтереді.

Спорттың тағы бір жақсы жағы — ол командалық рухты қалыптастырады. Спортшылар

бір команда болып жұмыс істейді, бір-біріне көмектеседі, бір мақсатқа жету үшін бірге еңбек етеді. Бұл өте маңызды, себебі бірлесіп жұмыс істегенде көп нәрсеге қол жеткізуге болады.

Спорт денсаулыққа пайдалы ғана емес, көңіл-күйді де көтереді. Спортпен айналысқанда адам сергек болады, денесі күшті әрі ыңырақ болады. Сонымен қатар, спортқа қатысу адамның рухын көтеріп, өзін-өзі бағалауын арттырады.

Мен спорттың басқа да түрлерімен айналысуды армандаймын. Мысалы, жүзу, теннис және гимнастика сияқты спорт түрлерін үйренсем деген ниетім бар. Әрбір спорттың өз ерекшелігі мен қызықтары бар. Спортпен айналысу мені тек дені сау етіп қана қоймай, күш-жігерімді арттырады. Сондықтан мен спортты күнделікті өміріме енгізуді жақсы көремін.

Сондай-ақ, спорт адамды тәртіпке үйретеді. Спортпен айналысқанда уақытты дұрыс ұйымдастыруды үйренесің, өзіне мақсат қойып, сол мақсатқа жету үшін еңбек етесің. Спортқа деген сүйіспеншілік тек мені емес, барлық адамдарды жақсы болуға, көп нәрсеге қол жеткізуге ынталандырады.

Спортты көп адамдар жақсы көреді, өйткені ол бізді бір-бірімізбен байланыстырады. Спорт жарыстарында немесе ойындарда достарымызбен бірге уақыт өткізу өте қызықты. Біз бір-бірімізді қолдап, жеңіске бірге жетеміз.

Мен болашақта спортшы болғым келеді. Спортпен айналысу адамды тек дені сау ғана емес, бақытты да етеді. Сол себепті, мен спортты жақсы көремін және үнемі спортпен айналысуды жалғастырамын.

